


Бекітемін:
«31» тамыз 2021 жылы педагогикалық
кеңес шешімінің № 1 хаттамасымен
ЖК «Жаса» «Ай-Жұлдыз» жекеменшік
бөбекжай-бақшасының меңгерушісі
Назарбаева С.Т.



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА «ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША
ОРТАҢҒЫ «БОТАҚАН» ТОБЫНЫҢ «МУЗЫКА» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2021 – 2022 ОҚУ ЖЫЛЫ**

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

ҰОҚ: Музыка

№	Айы	Өтпелі тақырып	Апта тақырыбы	Білім беру саласы:	Репертуар	Көрнекілігі	Дидактикалық ойын	Ұ.О.Қ	
				«Шығармашылық»				Сағат саны	Апта
				ҰОҚ:					
				Музыка					
				Мақсаты:					
1	Қыркүйек	«Балабақша»	«Менің сүйікті балабақшам»	«Бақшаға барамын» Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету. Әнді орындай отырып, қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.	Ән тыңдау: «Балабақша бағында» (Ислам Шұғаев, Садық Кәрімбаев). Ән айту: «Біздің балабақшамыз» (Тұманбай Молдағалиев, Нұрғиса Тілендиев). Музыкалық ырғақтық қимыл: «Топ-топ, балақан». (көңілді ән).	Видео – көрініс: «Балабақша» дидактикалық ойын көрнекіліктері.	«Көңілді гномдар»	1	I апта

2-3		«Балабақша»	«Менің сүйікті ойыншақтар»	«Қуыршақ» Балаларға ойыншықтар туралы мағлұмат беру, өз ойыншықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Музыка характеріне сәйкес эмоцияларын көрсете білуге, және де оны ажырата білуге үйрету.	Ән тыңдау: «Қуыршақ» (Әнуарбек Дүйсенбиев, Әсет Бейсеуов). Ән айту: «Ойыншықтар» (Нұрсұлтан Әлімқұлов, Ибрагим Нүсіпбаев). Музыкалық-ырғақтық қимылы: «Қуыршақтар» (көңілді әуен).	Видео – көрініс: «Ойыншықтар» дидактикалық ойын көрнекіліктері.	«Үш гүл»	2	II апта
4		«Балабақша»	«Біздің табиғат бұрышымыз»	«Табиғат – менің өз үйім» Балаларды табиғатты сүйе білуге, аялай білуге үйрету. Оларды табиғат ғажайыптарымен таныстыру. Балалардың музыкалық есте сақтау қабілетін дамыту.	Ән тыңдау: «Табиғат ана» (Әбдірахман Асылбеков, Алтын Маханбетова). Ән айту: «Гүлдерім» (Сайлаубай Толыбаев, Дүйсенхан Сыздықов). Музыкалық ырғақты қимыл: «Балақан да алақан» (Ө.Ысқабаев, Ө.Байділдаев).	Видео – көрініс: «Табиғат көріністері», аспаптар.	«Бұл қандай аспап?»	1	III апта

5-6		«Балабақша»	«Балабақшадағы үлкендердің еңбегі»	«Балабақшада» Балаларды балабақшаның тыныс-тіршілігімен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Үлкендердің еңбегін сыйлап, құрметтеуге тәрбиелеу. Балалардың тембрлік есту қабілетін дамыту.	Ән тыңдау: «Балабақша» (Бота Бейсенова). Ән айту: «Балабақша бағында» Музыкалық ырғақты – қимыл: «Артқа қадам, алға қадам» (көңілді ән).	Балабақшадағы үлкендердің еңбегі бейнеленген фотосуреттерден құрастырылған слайдтар, дидактикалық ойын көрнекіліктері.	«Сыңарын тап»	2	IV апта
7	Қазан	«Менің отбасым»	«Менің отбасым, ата- ана еңбегі»	«Менің отбасым» Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу. Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету. Әуенді тыңдап, қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу.	Ән тыңдау: «Әже» (Сұлтан Қалиев, М.Әубәкіров). Ән айту: «Әй-әй, ата» (Жақан Смақов, Өмірбек Байділдаев). Музыкалық ырғақты – қимыл: «Топ –топ, хлоп - хлоп» (көңілді ән).	Видео – көрініс: «Менің отбасым». Отбасы мүшелерінің суреттері, ұнтаспа.	«Әуеннің дауысын ажырат»	1	I апта

8-9		«Менің отбасым»	«Менің көшем»	«Мен тұратын көше» Көшеде не бар екенін айта алуға, көшенің қандай екенін сипаттауға үйрету. Көшеде бар нәрселердің атауларын меңгерту. Әуендегі ұзақ дыбысты естіп, ажырату дағдысын қалыптастыру. Қоршаған ортаға, өз көшесіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Біздің қала» (Әбдірахман Асылбеков, Алтын Маханбетова). Ән айту: «Балдырған» (Ибрагим Нүсіпбаев). Музыкалық ырғақты қимыл: «Балдырғандар биі» (көңілді әуен).	Үй, көше бейнеленген суреттер, бейнелер.	«Айналмалы дөңгелек»	2	II апта
10		«Менің отбасым»	«Ас атасы-нан»	Бауырсақ Балаларды репертуармен таныстыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету.	Ән тыңдау: «Бауырсақ» (Ә. Бейсеуов, Н. Арынова). Ән айту: «Бауырсақ» (Нұркен Жәдігерұлы). Музыкалық ырғақты – қимыл: «Полька» (хорваттың халық әуені).	Видео – көрініс: «Бауырсақ» (қазақша мультфильмдер).	«Ғажайып үйшік»	1	III апта

11-12		«Менің отбасым»	«Алтын күз»	«Бұл қай кезде болады?» Балаларға жыл мезгілдерін таныстыра отырып, күз мезгілінің ерекшеліктері туралы айтып, білімдерін кеңейту. Балаларды музыканың әр түрлі сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы).	Ән тыңдау: «Алтын күз» (Бота Бейсенова). Ән айту: «Бұл алтын күз» Музыкалық ырғақты қимыл: «Жапырақтармен би» (би ырғағына сәйкес әуен).	Видео – көрініс: «Бұл қай кезде болады?». Күз, күзгі ерекшеліктер бейнеленген суреттер, қолшатыр.	«Күн мен жаңбыр »	2	IV апта
13	Қараша	«Дені саудың жаны сау»	«Пайдалы көкөністер»	«Күзгі қойма» Көкөністер, олардың өсетін жері туралы балалардың түсініктерін байыту. Сипап көріп, көкөністі сипаттауды үйрету. Дыбыс биіктігін естуге және ажырата білуге дағдыландыру.	Ән тыңдау: «Көкөністер әні» (мультфильм: «Али мен Айя»). Ән айту: «Бұл алтын күз» Музыкалық ырғақты қимыл: «Иілеміз оңға бір» (көңілді ән).	Видео – көрініс: Мультфильм: «Али мен Айя». (көкөністер туралы), атрибуттар.	«Аю мен балапан»	1	I апта
14-15		«Дені саудың жаны сау»	«Жеміс бағында»	«Жемістер бағында» Балаларды табиғат түрлерімен таныстыру. Өсімдіктердің түрлерімен таныстыру. Музыкаға деген сезімін ояту, қарапайым ырғақтармен би билеуді үйрету.	Ән тыңдау: «Күзгі тамаша» (сөзі: Л. Мұқашева әні: С. Шынымов) Ән айту: «Мен алманы жақсы көрем» (Д. Қиқымов) Музыкалық ырғақты қимыл: «Топ-топ, балақан» (көңілді ән).	Видео – көрініс: «Жемістер бағында». Жемістердің муляждары.	«Қандай жеміс жетпейді?»	2	II апта

16		«Дені саудың жаны сау»	«Өзім туралы. Менің көмекшілерім»	«Салауатты өмір салтын сақтаймыз» Балаларға адамның сезім мүшелері туралы білім беру. Олардың қоршаған ортаны танып-білудегі маңызы жайлы түсінік беру. Жеке бас тазалығын сақтауға тәрбиелеу. Әнді бірқалыпты, әуенге ілесе орындау дағдыларын қалыптастыру. Өз денсаулығына ұқыптылықпен қарауға, салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Спорт» (Досым Қалмырзаев, Мақсат Жәутіков). Ән айту: «Ел қорғауға әзірміз» (Мұзафар Әлімбаев, Күнсәйын Қуатбаев). Музыкалық ырғақты – қимыл: «Солнышко» (Көңілді әуен).	Тақырыпқа байланысты бейне материалдар, көріністер, дидактикалық ойын көрнекіліктері.	«Көңілді күлдіргіштер»	1	III апта
17-18		«Дені саудың – жаны сау»	«Күн, ауа, су – біздің достарымыз»	«Табиғат – біздің досымыз» Ауа, су, күн, жылу және олардың маңызы туралы балалардың білімдерін тереңдету. Ауа туралы ұғымды түсіндіру, су – тіршілік көзі екендігін, оның пайдасы туралы білімдерін кеңейту. Күннің жылу және жарық беретіндігін түсіндіру. Балаларды музыканың әр түрлі сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы).	Ән тыңдау: «Таза тыныс, таза ауа» (Али мен Айя). Ән айту: «Күн – біздің досымыз» Музыкалық ырғақты – қимыл: «Көңілді би»	Видео – көрініс: Али мен Айя: «Таза ауа». Ауа – райы туралы карточкалар, қолшатыр.	«Күн мен жаңбыр»	2	IV апта

19	Желтоқсан	«Менің Қазақстаным»	«Менің Отаным - Қазақстан»	«Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» Отанды сүйеге, Ата Заңымызды қадірлеуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Еліміздің рәміздерін қастерлеуге үйрету. Тәуелсіз, бейбіт ел туралы ұғымды түсіндіру. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа, елінің мұрасын жалғастырушы азамат болуға тәрбиелеу. Балаларды музыкалық аспаптардың тембрын ажыратуға баулу, есту қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру.	Ән тыңдау: Али мен Айя: «Әнұран». Ән айту: «Отан»(О. Байділдаев) Музыкалық ырғақты – қимыл: «Иілеміз оңға бір» (Көңілді ән).	Видео – көрініс: «Менің Қазақстаным» ҚР – ның рәміздерінің суреттері.	«Аспаптың дауысын ажырат»	1	I апта
----	-----------	---------------------	----------------------------	---	--	--	---------------------------	---	--------

20-21		«Менің Қазақстаным»	«Қазақстанның жануарлар әлемі»	«Жануарлар әлеміне саяхат» Жануарлардың сан алуандығы мен олардың түрлері туралы жаңа білім беру. Музыканы тыңдата отырып, ішікі сезімін ояту. Дыбыстарды бірте-бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталау дағдыларын дамыту. Жануарлардың адамға, қоршаған ортаға тигізетін пайдасын ұғындыра отырып, оларға қамқор болып, жойылып кетуден сақтауға қол ұштарын беруге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбаев). Ән айту: «Сұр қоян» (Т.Бердияров, К.Қуатбаев). Музыкалық ырғақты – қимыл: «Қоянды ұстандар» (Күнсайын Қуатбаев).	Видео – көрініс: «Жануарлар әлемі»; Презентация: Жануарлардың түрлері.	«Көңілді гномдар»	2	II апта
-------	--	---------------------	--------------------------------	--	--	--	-------------------	---	---------

22	«Менің Қазақстаным»	«Туған өлкенің өсімдіктері»	«Өсімдіктер қайда өседі?» Балаларға өсімдіктер әлемі жйында түсінік беру. Бау-бақшада өсетін жеміс-жидектерге тоқталу, жылдың қай мезгілінде өсетінін балаларға түсіндіру. Музыка арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Табиғат сұлулығын түсінуге, туған өлкенің өсімдіктерін күтіп – баптауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Жайлауда» (Төлеубай Дошықұлы, Ақан Бақшайұлы). Ән айту: «Жайлау» (Аршын Әлімғазыұлы). Музыкалық ырғақты – қимыл: «Артқа қадам, алға қадам» (көңілді ән).	Презентация: Өсімдіктердің түрлері.	«Қай аспаптың дыбысы?»	1	III апта
23-24	«Менің Қазақстаным»	«Ғажайып қыс»	«Қысқы әуен» Жыл мезгілдері туралы білімдеріне тоқталу. Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы білімдерін арттыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға мейірімділік танытуға тәрбиелеу. Қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру.	Ән тыңдау: «Қыс қызығы» (Е.Өтетілеуов, И.Нүсіпбаев). Ән айту: «Біз шадыман баламыз» (С.Қалиев, Ә.Бейсеуов). Музыкалық ырғақты – қимыл: «Иілеміз оңға бір» (көңілді әуен).	Видео-көрініс: Қыс мезгілінің көріністері.	«Көңілді паравоз»	2	IV апта

25	Қаңтар	«Бізді қоршаған әлем»	«Біз қалай киінеміз?» (киім, аяқ киімдер)	«Қуыршақ Әйгерімді киіндіру» Балалардың қыс белгілері туралы білімдерін бекіту: қар жауады, дала суытады, адамдар жылы киінеді. Балалардың киім туралы түсініктерін анықтату. Киім атауларын бекіту. Музыканы тыңдау, әнді есте сақтау қабілеттерін арттыру, дамыту. Киім кию реттілігін есте ұстауға үйрету, эстетикалыққа тәрбиелеу. Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Қуыршағым» (Жарқын Сәленұлы, Гүлнұр Нұрасыл). Ән айту: «Үйрен достар» (Аршын Әлімғазыұлы). Музыкалық ырғақты – қимыл: «Қуыршақпен билейміз» (украин халық әуені).	Видео-көрініс: «Қуыршақтар» Презентация: «Қуыршақтың киімдері»	«Баспалдақ»	1	I апта
26-27		«Бізді қоршаған әлем»	«Жүреді, жүзеді, ұшады»	«Көлік түрлері» Әр түрлі көліктер туралы түсініктерін жалпылау және жүйелеу. Көліктердің түрлерімен таныстыру. Көліктердің бөліктерін ажырата білу дағдысын дамыту. Тыңдау ынтасын тәрбиелеу, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезіну.	Ән тыңдау: «Көңілді көліктер әні» Ән айту: «Бип-бип, машина» (Н. Әлімқұлов) Музыкалық ырғақты – қимыл: «Көңілді ленталар» (көңілді әуен).	Видео – көрініс: «Көліктердің түрлері» дидактикалық ойын көрнекіліктері.	«Көңілді поезд»	2	II апта

28		«Бізді қоршаған әлем»	«Электроника әлемі»	Балаларға ыдыстардың аттарын айтуды үйрету, оларды ажыратуға жаттықтыру. Әуен сипатын ажыратып, қимылдауға, ән айтуға дағдыландыру. Ыдыс-аяқтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Қуыршағым менің» (Ұлықпан Жолдасов). Ән айту: «Қуыршақ» (Әнуарбек Дүйсенбиев, Әсет Бейсеуов). Музыкалық ырғақты – қимыл: «Қуыршақпен билейміз» (украин халық әуені).	Презентация: Қуыршақ, ыдыс-аяқтардың ойыншықтары.	«Көңілді аспаптар»	1	III апта
29-30		«Бізді қоршаған әлем»	«Мамандықтың бәрі жақсы»	«Мамандықтың бәрі жақсы» Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу және мамандық таңдауға қызығушылығын тудыру. Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету.	Ән тыңдау: «Ардақты ұстазым» (Бота Бейсенова). Ән айту: «Ұстазым» (Нұркен Жәдігерұлы). Музыкалық ырғақты – қимыл: «Полька» (хорваттың халық әуені).	Видео – көрініс: «Мамандық туралы» (қазақша мультфильмдер).	«Ғажайып үйшік»	2	IV апта

31	Ақпан	«Табиғат әлемі»	«Айналамыздағы өсімдіктер»	«Бөлме өсімдіктері» Бөлме өсімдіктері туралы түсінік беру. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын дұрыс айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру, білімдерін арттыру. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айту қабілеттерін дамыту. Өсінді отырғызу жолын көрсетіп, табиғатты аялауға, сүйуге үйрету.	Ән тыңдау: «Гүлдерім» (Сайлаубай Тойлыбаев, Дүйсенхан Сыздықов). Ән айту: «Біз – өмірдің гүліміз» (Б.Ғизатов). Музыкалық ырғақты – қимыл: «Көңілді ленталар» (көңілді әуен).	Бөлме өсімдіктері, дидактикалық ойын көрнекіліктері.	«Үш гүл»	1	I апта
----	-------	-----------------	----------------------------	--	---	--	----------	---	-----------

32-33		«Табиғат әлемі»	«Жануарлар әлемі»	«Төлдер» Төрт түлік мал, үй жануарлары, олардың әрқайсысының орны, пайдасы, төлі ерекшеліктері жөніндегі білімдерін кеңейту. Көңілді немесе көңілсіз әуендердің сипатын ажырата білу қабілеттерін дамыту. Төлдерді қамқорлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Төлдер» (Ж.Өмірбеков, Б.Ғизатов). Ән айту: «Ақ лак» (Т.Рахимов, Р.Байқоңыров). Музыкалық ырғақты – қимыл: «Топ-топ, хлоп-хлоп».	Төрт түлік жануарлар мен олардың төлдерінің суреттері. Тақырыпқа байланысты бейне материалдар, ұнтаспа.	«Не қалай дыбыстайды?»	2	II апта
34		«Табиғат әлемі»	«Құстар біздің досымыз»	«Торғайлар» Балалардың құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстар, соның ішінде жыл құстары туралы түсінік беру, құстардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру. Құстарға қамқорлық жасауға, оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.	Ән тыңдау: «Ақ көгершін» (Нығмет Баймұхамедов, Ахмет Жұбанов). Ән айту: «Торғай саған не керек?» (Сайболат Жанғабылов, Мүбәрәк Жаманбапинов). Музыкалық ырғақты – қимыл: «Артқа қадам, алға қадам» (көңілді ән).	Құстардың түрлері бейнеленген суреттер. Тақырыпқа байланысты бейне материалдар.	«Мысық пен торғайлар» (қимылды ойын)	1	III апта

35-36		«Табиғат әлемі»	«Ғажайып қыс»	«Аққала» Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Қысқы ойындарға қажетті құралдарды атау. Өнді әуенмен және табиғи дауыспен айтуды, баяу, сазды әуенді сезіну қабілеттерін дамыту. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Ақша қар» (Қ.Жәленова, Е.Өміров). Ән айту: «Қыс қызығы» (Е.Өтетілеуов, И.Нүсіпбаев). Музыкалық ырғақты – қимыл: «Аққала» (көңілді ән).	Қыс мезгілінің көріністері бейнеленген суреттер, видео материалдар.	«Жоғары және төмен дыбыстар»	2	IV апта
37	Наурыз	«Салт –дәстүрлер және фольклор»	«Аналар мерекесі»	«Анашым» Анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету. Ата-анасын сыйлауға, қастерлей білуге тәрбиелеу. Балаларға шығарманы тыңдата отырып, динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажырата білуге баулу.	Ән тыңдау: «Анажаным» (Бота Бейсенова). Ән айту: «Анам менің» (Тұманбай Молдағалиев, Әсет Бейсеуов). Музыкалық ырғақты қимыл: «Топ –топ, хлоп - хлоп» (көңілді ән).	Видео – көрініс: «Менің анам».	«Төмен және жоғары дыбыстар»	1	I апта

38-39		«Салт –дәстүрлер және фольклор»	«Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта»	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» Балаларды халық ауыз әдебиеті түрлерімен таныстыру, білімдерін кеңейту. Әнді таза, бір дауыста айтуға дағдыландыру. Есту, әуеннің сипатын ажырата білу қабілеттерін дамыту. Музыка тембрін естуге және ажыратуға жаттықтыру. Балаларды халық ауыз әдебиет туындыларын қастерлеуге, елжандылыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: Музыкалық ертегі: «Жыл басы кім болады?» (Р.Наурызбаев, Ш.Құлманова). Ән айту: «Жануарлардың бірінші хоры» (Р.Наурызбаев, Ш.Құлманова). Музыкалық ырғақты қимыл: «Кел, билейік» (М.Әлімбаев, Б.Байқадамов).	Ертегі көрінісі: «Жыл басына таласқан хайуанаттар».	«Музыкалық жұмбақтар»	2	II апта
-------	--	---------------------------------	---	---	--	---	-----------------------	---	---------

40		«Салт –дәстүрлер және фольклор»	«Біздің салт-дәстүріміз»	«Бесік жыры» Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру. Халық өнегесін үйрету. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру. Бесікке салу рәсімі туралы толық мағлұмат беріп, білімдерін арттыру. Музыканы сезініп, әнге қосыла айтуды, қайталауды, ойын барысындағы әнді, би қимылдарын есте сақтауды дамыту. Музыка сипатын ажырату: ән, би, марш жанрларын ажырата білуге ықпал ету. Баланың бойына адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін қадірлеуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Әй-әй, бөпем» (халық әні). Ән айту: «Айым болып тудың ба?» (Ескендір Хасанғалиев). Музыкалық ырғақты қимыл: «Қамажай» (халық әні).	Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы бейне материалдар, суреттер. Бесік.	«Музыка бояулары»	1	III апта
----	--	---------------------------------	--------------------------	--	--	--	-------------------	---	-------------

41-42		«Салт –дәстүрлер және фольклор»	«Нұр төккен гүл көктем»	«Шуақты көктем» Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін аша түсу, көктем мезгіліндегі табиғат өзгерістері туралы білімдерін арттыру. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету. Көктем мезгіліндегі табиғат өзгерістерін сезіне білуге, әсемдікке баулу, тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Көктем келді» (Бота Бейсенова). Ән айту: «Көктем келді» (А.Конысбекова). Музыкалық ырғақты қимыл: «Көктем гүлдері» (би характеріне сәйкес әуен).	Көктем көрінісін бейнелейтін суреттер, видеолар.	«Музыкалық қапшық»	2	IV апта
-------	--	---------------------------------	-------------------------	--	---	--	--------------------	---	---------

43	Сәуір	«Табиғатты қорғап үйренейік»	«Табиғатты қорғап үйренейік»	«Гүлдер» Дала гүлдері мен бөлме гүлдерінің күту ережелерімен таныстыру, білімдерін арттыру. Гүлдердің құрылысын білу, гүлдердің отырғызылуын, өсуін бақылау. Балалардың дыбыс әуезділігін қалыптастыру. Аспаптардың дыбысталу тембрін айыру. Әнді орындауға баулу. Гүлдерге қамқорлық көрсетуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Гүлдерім» (Сайлаубай Тойлыбаев, Дүйсенхан Сыздықов). Ән айту: «Алуан гүлдер» (А.Естенов, А.Тани). Музыкалық ырғақты қимыл: «Көктем гүлдері» (би характеріне сәйкес әуен).	Гүлдердің түрлерінің суреттері. Тақырыпқа байланысты материалдар. Гүлдер.	«Үш гүл»	1	I апта
----	-------	------------------------------	------------------------------	---	---	--	----------	---	-----------

44-45		«Табиғатты қорғап үйренейік»	«Шөпте не жорғалайды?»	«Әдемі көбелек» Балаларды жәндіктер әлемімен, түрлерімен таныстыру. Құрт, құмырсқа, көбелек туралы балалардың түсінігін қалыптастыру, білімдерін арттыру. Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Айналаға, қоршаған ортаға қамқорлық ете білуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Ғажап көбелек» (Айгерім Қалаубаева орындауындағы). Ән айту: «Көбелек» (Жақан Смақов, Малғаждар Әубәкіров). Музыкалық ырғақты қимыл: «Қайсы екен қолымыз?» (А.Меңжанова, Б.Далденбаев).	Жәндіктер туралы бейне материалдар, суреттері. Көбелек (ойыншық).үнтаспа.	«Әуеннің дауысын ажырат»	2	II апта
-------	--	------------------------------	------------------------	--	--	---	--------------------------	---	---------

46		«Табиғатты қорғап үйренейік»	«Жануарларға қамқорлық»	«Жайлауға саяхат» Балаларға жайлау туралы түсінік беру, әңгімелесу арқылы тілін, көркемдік талғамын арттыру, балаларды үй жануарларымен таныстыру, оларды ажырата білуге үйрете отырып, олардың пайдасы туралы түсінік беру. Киіз үй туралы балалардың түсінігін қалыптастыру. Балалардың әуенді есте сақтау қабілетін дамыту. Өнді бір дауыста, хорда айту қабілеттерін үйрету. Балалардың бойына ұлттық тәрбиені қалыптастыру, тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Киіз үй» (Қ.Баянбаев, Ж.Тұрсынбаев). Ән айту: «Мен ауылға барамын» (Бота Бейсенова). Музыкалық ырғақты қимыл: «Көңілді қуыршақтар» (Г.Жолтаева).	Жайлаудағы үй жануарларының үлгісі, киіз үй. Жайлаудың суреттері, аспаптар.	«Бұл қандай аспап?»	1	III апта
----	--	------------------------------	-------------------------	--	--	--	---------------------	---	----------

47- 48		«Табиғатты қорғап үйренейік»	«Табиғатты аялайық»	«Табиғат - анамыз» Қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтіп, табиғатты сүюге, қамқор бола білуге, табиғат байлығын, сұлулығын сезіне білуге, сурет көрінісін әңгімелеп, бейнелей білуге үйрету. Ырғақты сезіне қозғалу, ән мазмұнын түсіне көпшілікпен бірге қимылдарды көрсету, жеке сөздерді әндете айту дағдыларын қалыптастыру. Табиғатты аялауға, оны ластамауға балаларды үйрету. Қоршаған ортаға жанашырлық сезіммен қарауды тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Табиғат ана» (Әбдірахман Асылбеков, Алтын Маханбетова). Ән айту: «Мамыр келді» (Қайрат Жұмағалиев, Темір Тайбеков). Музыкалық ырғақты қимыл: «Қайсы екен қолымыз?» (А.Меңжанова, Б.Далденбаев).	Табиғатқа байланысты суреттер, видеолар, дидактикалық ойын көрнекіліктері.	«Музыкалық текше»	2	IV апта
-----------	--	------------------------------	---------------------	--	---	--	-------------------	---	------------

49	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін»	«Достық – біздің тірегіміз»	«Тату доспыз бәріміз» 1 – Мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін балаларға жеткізу. Достық, бірлік ұғымдарын таныстыра отырып, балалардың білімдерін кеңейту. Әуенмен жұптаса қимыл жасау дағдыларын қалыптастыру, дамыту. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Ағайынбыз бәріміз» (Ә.Дүйсенбиев, М.Әубәкіров). Ән айту: «Достық» (Е.Елубаев, И.Нүсіпбаев). Музыкалық ырғақты қимыл: «Полька» (хорваттың халық әні).	Бірлік күніне арналған бейне материалдар. Әр ұлт өкілдерінің суреттері.	«Қуыршақтар ұйықтайды және билейді»	1	I апта
50-51		«Әрқашан күн сөнбесін»	«Ойнаймыз, танымыз, зерттейміз»	«Ойын арқылы әлемді танымыз» Балаларға қоршаған әлемді таныстыру арқылы білімдерін арттыру. Жер, күн, ауа, су, қоршаған орта ұғымдарымен таныстыра отырып, түсініктерін қалыптастыру. Әнді барынша таза айту дағдысын, шеңбер жасап отыруды, музыка әуенін тыңдау арқылы ішкі сезімдерін айта білу дағдыларын қалыптастыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға қақор бола білуге, оны аялауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Мен және әлем» (Абдығафур Кенжебаев). Ән айту: «Мен әдепті баламын» (Әбдірахман Асылбек, Ибрагим Нүсіпбаев). Музыкалық ырғақты қимыл: «Қайсы екен қолымыз?» (А.Меңжанова, Б.Далденбаев).	Глобус, табиғаттың суреттері.	«Теңіз»	2	II апта

52		«Әрқашан күн сөнбесін»	«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	«Бағдаршам және біз» Жолда жүру ережесі туралы түсінік беру. Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыканы тыңдауды, әңгімелеп айтуды үйрету. Музыка ырғағымен шеңбермен жүру, шеңберді кішірейту, үлкейту қимылдарын дамыту. Жолда жүру ережесін сақтауға, әрдайым қауіпсіздікті сақтауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Токта, бағдаршам» Ән айту: «Светофор - бағдаршам» (С.Қалиев, Ғ.Тамендаров). Музыкалық ырғақты қимыл: «Иілеміз оңға бір» (көңілді ән).	Жол белгілері, бағдаршам.	«Сылдырмақ»	1	III апта
----	--	------------------------	------------------------------------	---	---	---------------------------	-------------	---	----------

53- 54		«Әрқашан күн сөнбесін»	«Көңілді жаз»	«Жайдары жаз» Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктеріне тоқталу. Жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат, жазғы еңбек жайлы түсінік беру. Табиғи дауыспен ән айтуға, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, әуенге ілесе қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру.	Ән тыңдау: «Жаз келді» (Аршын Әлімғазыұлы). Ән айту: «Шалғындағы бақбақ» (Қ.Жұмағалиев, Т.Қоңыратбаев). Музыкалық ырғақты қимыл: «Балдырғандар биі»	Жаз мезгілі бейнеленген суреттер, бейне материалдар.	«Көңілді күлдіргіштер»	2	IV апта
-----------	--	------------------------	---------------	---	---	---	------------------------	---	---------

Барлығы – 54 сағат

